

"Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 11 наурыздағы № 194 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 мамырда № 13733 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 05.01.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 12-1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11716 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 12-1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С. Нюсупов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып жолдауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мөрімен расталған және осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1) , 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы

Т. Балықбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры

_____ А.Қ. Дауылбаев

2016 жылғы 19 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі

_____ Т.Б. Дүйсенова

2016 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы
_____ Ж.М. Қасымбек

2016 жылғы 16 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

_____ И.Н. Тасмағамбетов

2016 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

_____ А. Мұхамедиұлы

2016 жылғы 4 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы

_____ В.З. Жұмақанов

2016 жылғы 14 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е.А. Досаев

2016 жылғы 24 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

_____ Қ.Н. Қасымов

2016 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 11 наурыздағы
№ 194 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 17 маусымдағы
№ 391 бұйрығымен
бекітілген

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

Р/с №	Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары	Лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар	Ескертпе
1. Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:			
1	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларын а сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері.	
2	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 20%.	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
3	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес толық оқу кезеңіне білім алушылар контингентіне, оның ішінде оқу тілдері бойынша шаққандағы оқу әдебиеті қорының болуы.	Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Оқу әдебиетінің тізбесі оқу жоспарына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 27-1) тармақшасына сәйкес бекітілген оқу әдебиетінің тізбесіне сәйкес ұсынылады.
		Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық	

4	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.	пунктің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Лицензияның мәртебесі " Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Шағын жинақталған мектептер үшін білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы шарттың болуы.
5	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Шағын жинақталған мектептер үшін білім алушыларға тамақтану объектісін ұсыну туралы шарттың болуы.
6	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің болуы.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректері " Жылжымайтын мүлік тіркелімі" МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда. ұсынылмайды.
2. Негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:			
		Білім беру ұйымының басшысы бекіткен	

7	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі.	үлгілік оқу жоспарларын а сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларын ы н көшірмелері.	
8	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 30%.	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
9	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес толық оқу кезеңіне білім алушылар контингентіне шаққандағы, оның ішінде оқу тілдері бойынша, оқу әдебиеті қорының, оқу-әдістемелік кешендерінің және цифрлық білім беру ресурстарының болуы.	Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Цифрлық тасымалдағы штардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Оқу әдебиетінің тізбесі оқу жоспарына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 27-1) тармақшасына сәйкес бекітілген оқу әдебиетінің тізбесіне сәйкес ұсынылады.
10		Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке	Лицензияның мәртебесі " Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер

	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.	берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
11	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
12	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің болуы.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
		Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен

13	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жаракталуы.	зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	жаракталу туралы біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
3. Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:			
14	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері.	
15	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 30%.	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
16	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес толық оқу кезеңіне білім алушылар	Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Цифрлық тасымалдағы	Оқу әдебиетінің тізбесі оқу жоспарына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 27-1)

	контингентіне шаққандағы, оның ішінде оқу тілдері бойынша оқу әдебиеті қорының, оқу-әдістемелік кешендерінің және цифрлық білім беру ресурстарының болуы.	штардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер. (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	тармақшасына сәйкес бекітілген оқу әдебиетінің тізбесіне сәйкес ұсынылады.
17	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.	Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Лицензияның мәртебесі "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
18	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
		Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді "Жылжымайтын мүлік

19	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің болуы.	-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.	тіркелімі" МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
20	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы.	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарақталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.

4. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары:

21	Оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.	Мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандартына және тиісті мамандықтың үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқытудың толық кезеңіне	Оқу жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі туралы біліктілік талаптары уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің
----	--	---	--

		<p>әзірленген сұралып отырған мамандыққа сәйкес оқу жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері.</p>	<p>түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарындағы тұлғаларды және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытуға арналған жұмыс жоспарларына қолданылмайды.</p>
22	<p>Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі (жұмысшы кәсібі болған жағдайда) олардың жалпы санынан кемінде 70%.</p>	<p>Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Өндірістік оқыту шеберлеріне қатысты біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.</p>
23	<p>Жоғары және бірінші санаттағы оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің және (немесе) магистрлердің үлесі лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің санынан кемінде 30%.</p>	<p>Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Өндірістік оқыту шеберлеріне қатысты біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.</p>
24	<p>Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкес толық оқу кезеңіне білім алушылар контингентіне шаққандағы, оның ішінде оқу тілдері бойынша оқу әдебиеті қорының, оқу-әдістемелік кешендерінің және цифрлық білім беру ресурстарының болуы.</p>	<p>Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p> <p>Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8</p>	<p>Оқу әдебиетінің тізбесі оқу жоспарына сәйкес ұсынылады.</p>

		-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
25	Даярланатын біліктілікті ескере отырып, оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жаракталуы.	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныппен жаракталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
26	Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы.	Сұратылып отырған мамандыққа немесе біліктілікке сәйкес практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттар көшірмелері.	Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
27	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.	Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген	Лицензияның мәртебесі "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің

		лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
28	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
29	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің (оқу кабинеттері, шеберханалар, зертханалар) болуы.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
5. Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары:			
		Мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандартына	Оқу жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі

30	Оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.	және тиісті мамандықтың үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұралып отырған мамандыққа сәйкес оқу жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері.	туралы біліктілік талаптары уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға , сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарындағы тұлғаларды және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытуға арналған жұмыс жоспарларына қолданылмайды.
31	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі (жұмысшы кәсібі болған жағдайда) олардың жалпы санынан кемінде 70%.	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Өндірістік оқыту шеберлеріне қатысты біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды .
32	Жоғары және бірінші санаттағы оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің және (немесе) магистрлердің үлесі лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің санынан кемінде 40%.	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Өндірістік оқыту шеберлеріне қатысты біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды .
33	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкес толық оқу кезеңіне білім алушылар контингентіне	Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Цифрлық тасымалдағы	

	шаққандағы оның ішінде оқу тілдері бойынша, оқу әдебиеті қорының, оқу-әдістемелік кешендерінің және цифрлық білім беру ресурстарының болуы.	штардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Оқу әдебиетінің тізбесі оқу жоспарына сәйкес ұсынылады.
34	Даярланатын біліктілікті ескере отырып, оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жаракталуы.	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныппен жаракталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды .
35	Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы.	Сұратылып отырған мамандыққа немесе біліктілікке сәйкес практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттар көшірмелері.	Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды .
		Медициналық қызмет көрсетудің	

36	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.	болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Лицензияның мәртебесі "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
37	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
38	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің (оқу кабинеттері, шеберханалар, зертханалар) болуы.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
6. Діни білім беру бағдарламалары:			

39	Жалпы білім беру және діни білім беру пәндері бойынша білім беру бағдарламаларының болуы.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен білім беру бағдарламаларының көшірмелері.	
40	Жалпы білім беретін пәндер бойынша - жоғары білімі; бейінді пәндер бойынша - жоғары діни білімі және/немесе дін қызметінде жалпы жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, семинарияны немесе медресені бітірген штаттағы оқытушылардың болуы.	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
41	Білім беру бағдарламаларына сәйкес дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиеті қорының болуы.	<p>Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p> <p>Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p> <p>Діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның оқу әдебиеті қорына берген дінтану сараптамасын</p>	

		ың оң қорытындысының көшірмесі.	
42	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің болуы.	<p>Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p> <p>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.</p>	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" МДҚ АЖ-дан алуға болған жағдайда ұсынылмайды.
43	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жарақталуы.	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
		Медициналық қызмет көрсетудің	

44	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.	болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Лицензияның мәртебесі "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі.
45	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
46	Мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның сараптама қорытындысының болуы.	Мәлімделген діни білім беру бағдарламаларына діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның қорытынды хатының көшірмесі.	

7. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары:

		Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және тиісті мамандықтың үлгілік оқу	Оқу жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру
--	--	---	--

47	Оқу жоспарының үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі.	жоспарына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұралып отырған мамандыққа сәйкес оқу жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері.	стандартына және үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі туралы біліктілік талабы мәлімделген жағдайлар бойынша уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға қолданылмайды.
48	Бес жылда кемінде бір рет оқытушылардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.	Оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес соңғы бес жылда кадрлардың біліктілік арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін оқытушылардың біліктілік арттыруы оқытылатын пәндерінің бейініне немесе оқыту әдістемесіне сәйкес өткізіледі.
49	Оқытушылардың оқу жоспарындағы пәндерге сәйкес болуы, оның ішінде оқытушылардың білімі, "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежелері және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атақтары оқытатын пән бейініне сәйкес болуы.	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға	

	<p>Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылардың жалпы оқытушылар санындағы үлесі – кемінде 80%;</p> <p>"Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" мамандықтар тобы үшін кемінде 60%;</p> <p>авиациялық мамандықтар үшін – кемінде 45%.</p>	<p>сәйкес нысан бойынша).</p>	
	<p>Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар санындағы " ғылым кандидаты" немесе " ғылым докторы" немесе " философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежелері және/немесе " қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе " профессор" ғылыми атақтары және/немесе "Еңбек сіңірген жаттықтырушы" спорттық атақтары бар оқытушылардың үлесі:</p> <p>ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері үшін кемінде 70%;</p> <p>ұлттық жоғары оқу орындары үшін кемінде 55%;</p> <p>университеттер, академиялар үшін кемінде 50%;</p> <p>институттар (жоғары мектептер, жоғары училищелер, консерваториялар) үшін кемінде 45%;</p> <p>педагогикалық институттар үшін кемінде 50%;</p> <p>"Өнер" мамандықтар тобы үшін лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын "ғылым</p>		

кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежелері және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атақтары және/немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары мен құрметті атақтары бар оқытушылар үлесі оқытушылар санынан жалпы санынан кемінде 35%;

"Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" мамандықтар тобы бойынша:

ұлттық жоғары оқу орындары үшін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежелері және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атақтары бар оқытушылардың үлесі жалпы оқытушылар санынан кемінде 50% және жоғары мен бірінші дәрігерлік санаты бар оқытушылардың кемінде 10% болуы, университеттер, академиялар үшін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні

Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға

	<p>бойынша доктор" ғылыми дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежелері және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атақтары бар оқытушылардың үлесі жалпы оқытушылар санынан кемінде 40% және жоғары мен бірінші дәрігерлік санаты бар оқытушылардың кемінде 10% болуы;</p> <p>Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежелері немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "бейіні бойынша доктор" немесе "философия докторы (PhD)" дәрежелері және/немесе "қауымдастырылған профессор (доцент)" немесе "профессор" ғылыми атақтары және/немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес оқытушылар үлесі кемінде 40%.</p>	<p>сәйкес нысан бойынша).</p>	
	<p>Мамандықтың оқу жоспарының базалық және бейінді пәндерін 100% қамтамасыз ететін баспа басылымдары форматындағы ; мамандықтың ("Әскери іс және қауіпсіздік"</p>	<p>Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2</p>	

51	<p>мамандықтары тобынан басқа) оқу жоспарының базалық және бейінді пәндерін 40% қамтамасыз ететін электронды форматтағы оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы. Кітапхана қорында әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша негізгі оқу әдебиетінің соңғы бес жылда; жаратылыстану, техникалық, ауыл шаруашылығы пәндері бойынша соңғы он жылда басылған баспа басылымдарының форматында болуы.</p>	<p>-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p> <p>Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер. (осы біліктілік талаптарына 8 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
52	<p>Оқу жоспарына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті материалдық -техникалық және оқу-зертханалық базамен, сымсыз технологияларды қоса алғанда кең жолақты интернет желісімен, компьютерлік кабинеттермен жарақтандырылуы.</p>	<p>Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу-зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>"Сымсыз технологияларды қоса алғанда" біліктілік талабы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды</p>
53	<p>Білім беру ұйымдарының ақылы негізде оқитын бір білім алушыға жұмсайтын ең төменгі шығындарының тиісті оқу жылына жоғары білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бекіту жөніндегі Қазақстан Республикасы</p>	<p>Ағымдағы оқу жылына сұратылып отырған мамандық немесе біліктілік бойынша бір маманға кететін ең төменгі</p>	

	<p>Үкіметінің қаулысымен қарастырылған білім беру грантының немесе мемлекеттік беру тапсырысының мөлшеріне сәйкестігі.</p>	<p>шығын туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
56	<p>Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы, оның ішінде педагогикалық мамандықтар үшін педагогикалық практика базалары бойынша мектепке дейінгі, және/немесе бастауыш, және/немесе негізгі және/немесе жалпы орта, және/немесе техникалық және кәсіптік, және/немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен шарттардың болуы.</p>	<p>Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес толық оқу кезеңін қамтитын, практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері.</p>	<p>Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды.</p>
55	<p>Білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсету, сондай-ақ оқу корпусстарында медицина пункттерінің болуы. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына білім алушылар үшін медициналық қызмет көрсетудің болуы.</p>	<p>Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Лицензияның мәртебесі "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі.</p>
56	<p>Әр оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер</p>	<p>Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (</p>	

	министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына білім алушыларға арналған тамактандыру объектісінің болуы.	осы біліктілік талаптарына 4 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
57	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің, оның ішінде ауданы санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларының болуы.	<p>Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p> <p>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.</p>	<p>Жылжымайтын мүлікке құқығының тіркелгені және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" МДҚ (АЖ-дан алу мүмкіндігі болған жағдайда ұсынылмайды.</p> <p>Білім беру ұйымының лицензия алуы немесе қайта құрылуына байланысты лицензияны қайта ресімдеуі кезінде оқу ауданының есебі оқу сабағының ауысымдылығы ескеріліп, жоғары оқу орнының түріне байланысты ең аз білім алушылар контингентіне бекітілген нормаға сүйеніп жүргізіледі.</p>
8. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары			
8.1. "Магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:			
58	Оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.	Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандартына және тиісті мамандықтың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес толық білім беру кезеңіне әзірленген сұралып отырған мамандыққа сәйкес мемлекеттік және орыс тілдеріндегі оқу жоспарының көшірмелері.	<p>О қ у жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі туралы біліктілік талабы уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға қолданылмайды.</p> <p>Лицензиялардың мәртебесі "</p>

59	Сұратылып отырған мамандыққа және жіктеуішке сәйкес жоғары білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыру.	Лицензияланатын мамандыққа сәйкес алдыңғы деңгей бойынша лицензияның бар болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талабы "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)" және "Білім" мамандықтар топтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
